

Туған ел ұмытпайды өз баласын

Мемлекет және қоғам қайраткері, саяси репрессия құрбаны Жанайдар Сәдуақасовтың туғанына 125 жыл толуына орай Жаңаарқа аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің ақпараттық-библиографиялық бөлім кітапханашылары, Түгіскен ауылының кітапханашыларымен бірігіп, «Туған ел ұмытпайды өз баласын» атты кездесу кешін Алаш қозғалысына қатысушы қоғам қайраткері Жанайдар Сәдуақасовтың туған-туыстарымен, ауыл тұрғындарының қатысуымен өткізді.

Басты мақсаты Жанайдар Сәдуақасов секілді ұлыларымызды ұлықтау, ұрпаққа ұлағат ету, олардың мұрасын біздің халқымыздың рухани қазынасына айналдыру. Ел алдында еңсесі биік, еңбегі ерен ердің есімін жаңғырту барша қазақтың борышы. Қонақтарымызды «Туған ел ұмытпайды өз баласын» атты кітап көрмесімен кітапханашы Арай Жанатқызы таныстырып, деректі фильм көрсетті.

Сәкен Сейфуллин атындағы орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің ақпараттық-библиографиялық бөлімінің меңгерушісі Ақбөпе Кәрттайқызы сөз сөйлеп, өлкетану клубының жетекшісі Зәмзәгүл Қабденова әсем әнімен кешіміздің көркін келтірді. Алаш қайраткерінің ұрпақтарымен сұхбат жүргізіліп, арнауларын шөберелері Бейбарыс, Бекарыс Құрман шығарған арнауларын Санжар Омар, Ләззат Бақытжанқызы айтты. Кездесу соңы концерттік бағдарламаға ұласып, естелік фотоға түсумен аяқталды.